

Мамандандырылған қой өсіруші шаруашылықтарды мемлекеттік қолдау туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 наурыздағы N 246

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, әсіресе, республиканың шалғайдағы шөлейт, жартылай шөлейт және таулы аудандарда орналасқан мамандандырылған қой өсіруші шаруашылықтардың экономиканың нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде өте қиын қаржы-экономикалық және әлеуметтік жағдайда қалып отырғандығын атап өтеді. Бұл шаруашылықтарда қой басы 1990 жылғы деңгеймен салыстырғанда 40-50 процентке қысқарды, залалдылығы 50 проценттен астам болып отыр. Қой шаруашылығында еңбек қызметкерлердің өмір сүру деңгейі төмендеді, еңбекақы беруде де айтарлықтай іркілістерге жол берілді, малшылардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері нашар шешілуде.

Қой шаруашылығын одан әрі дамытудың ерекше маңыздылығын ескере отырып және мамандандырылған қой өсіруші шаруашылықтарды қалыптасқан күрделі қаржы-экономикалық жағдайдан шығару үшін қажетті шарттар жасау, өндірістің құлдырауын тоқтату және оны біртіндеп ұлғайту, қой өнімділігін арттыру есебінен өнімді сату, осы сала еңбеккерлерінің өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау жөніндегі мемлекеттік қордың Республикалық ведомствоаралық кеңесі мұнай өнімдері мен электр энергиясына төлем жасау жөніндегі шығындардың ішінара орнын толтыру үшін 1995 жылғы арналған қаржы бөлуді көздесін және оны мамандандырылған қой өсіруші шаруашылықтарға жіберу тәртібін белгілесін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті облыстардың әкімдерімен бірлесе отырып, 1995 жылдың соңына дейін мамандандырылған қой өсіруші шаруашылықтардың балансындағы денсаулық сақтау, білім мен мәдениет мекемелерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әкімшілік-аумақтық бірлік меншігіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, "Жеңіл өнеркәсіп" мемлекеттік холдинг компаниясымен, "Руноқаракөл" мемлекеттік акционерлік компаниясымен және "Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік холдингтік компаниясымен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Агроөнеркәсіптік кешен кеңесі мақұлданған (1994 жылғы 10 наурыздағы N 1 хаттама) Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастар жағдайында қой шаруашылығын тұрақтандырудың 1994-2000 жылдарға арналған

Бағдарламасына сәйкес, шет ел технологияларын пайдалана отырып, қылшық жүнді ұқсату және одан халық тұтынатын тауарлар дайындау (ковролан түріндегі осы заманғы қабырғаға ілетін және еденге төсейтін бұйымдар, жүн жамылғысы, пима аяқ киімі, киіз және басқалар) жөнінде 1995-1996 және одан кейінгі жылдары 30 шаруашылықаралық, ауданаралық кәсіпорындарды жоспарлау, салу үшін қажетті қаржы іздестірсін.

Бұл мақсаттар үшін өнеркәсіп орындарының, коммерциялық құрылымдар мен шет ел инвесторларының қаржысын тарту ұсынылады.

4. "Қазагрожөнмаш-холдинг" және "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясымен бірлесе отырып:

1995-1998 жылдар ішінде машиналар мен жабдықтардың жаңа, оның ішінде энергия көздерінің дәстүрлі емес түрлерін (су, жел, күн, биоэнергия), сондай-ақ арба сүйрейтін малдарды пайдалана отырып, аз энергиялы конструкторларын әзірлеп, жасап шығарсын;

нарықтық қатынастар жағдайында қой шаруашылығында агроқызмет жасау жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі республиканың басқа мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен және компанияларымен бірлесе отырып, осы қаулының 3 және 4 тармақтарында көрсетілген шараларды кредиттеу мәселелерін шешетін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы облыстар мен аудандардың әкімдерімен бірлесе отырып, тұқымдық аудандастыруды, қылшық жүнді қой жүнін жаңғыртуды қайта қарау негізінде қой өсіруші шаруашылықтарды қайта мамандандыруға, австралия мериностарын пайдалануға, жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы және ет беретін мал шаруашылығы табындарымен ұштастыра отырып, қой басын оңтайландыруға, сондай-ақ нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстанда қой шаруашылығын тұрақтандыру жөнінде республикалық органдар дайындаған Бағдарламаға сәйкес, селекциялық-асылдандыру жұмысын жүргізу деңгейін арттыруға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырсын.

7. Облыстардың әкімдері мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның жергілікті органдарымен бірлесе отырып, дағдарыстан шығу және мамандандырылған

қой өсіруші шаруашылықтардың экономикасын тұрақтандыру мақсатында ұқсатушы және өнеркәсіп органдарының, коммерциялық, жекеменшік

құрылымдардың қатысуымен оларды реформалау, акционерлендіру және жекешелендіру жөніндегі жұмыстарды 1995 жылдың соңына дейін аяқтайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК